

Осакаров ауданы Қаратомар ауылдық округінің Сенокосное ауылының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 02 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 шілдеде № 28877 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 02 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімінің 13.01.2023 № 02 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Қаратомар ауылдық округінің Сенокосное ауылының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Осакаров ауданы әкімінің орынбасары Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

Н. Кобжанов